

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 122 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 10 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6043 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 258 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың (бұдан әрі - инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар) қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

**Б а с қ а р м а с ы** **Қ А У Л ы** **Е Т Е Д І :**

1. Инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері 50 000 000 (елу миллион) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін жиырма бір күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Қолма-қол ақшамен жұмыс департаменті (Шегенов Ғ.Б.):

1) Заң департаментімен (Өртембаев А.Қ.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабилдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде



қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушыларға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені Бекіту туралы және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 2186 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы» 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 1 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі № 214 қаулысының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2432 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы» Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 2186 тіркелген 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 1 қаулысына толықтыру енгізу туралы» 2004 жылғы 16 ақпандағы № 42 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2749 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2004 жылғы № 25-28 жарияланған).

5. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы» 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 1 қаулысына толықтыру енгізу туралы» 2005 жылғы 25 маусымдағы № 225 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3756 тіркелген).